



Бекітемін»  
Мектеп директоры  
Б.У.Сарин  
2023 жыл

## ЖОБА ПЛАНЕРІ

**МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ 1-11 КЛ**  
**ЖОБА АТЫ: «ҒАЛАМТОР ҚАУІПСІЗДІГІ»**  
**МАҚСАТЫ:**

**БАСТАЛУЫ: қыркүйек, 2023 ж**  
**АЯҚТАЛУЫ: мамыр, 2024 ж**

Оқушылардың ғаламторға тәуелділігінің зияндылығы туралы ой бөлісе отырып, оның алдын алу шараларын ұсыну.

### БАЯНДАУ

- 1) Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- 2) оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру.

### МАҢЫЗДЫ:

#### Жобаны жүзеге асыру үшін білім алушыларға :

- Ғаламтор желісін қолдану аясындағы білімдерін жүйелендіру, қауіпсіз пайдалануға дағдыларын қалыптастыру;
- Ғаламтор қауіп-қатерін танып білу және жауап қайтару;
- ақпараттық технологияларға, соның ішінде қолданбалы бағдарламаларға қызығушылығын арттыру;
- “Балалар - Интернет-Медиа қауіпсіздік” балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Класы	Мерзімі	Іс-шара атауы
1-4 класс	Қазан-қараша	«Ғаламтордың пайдасы мен зияны»
	қаңтар-ақпан	«Әлеуметтік желілілерден сақ бол!»
	сәуір-мамыр	«Ақпараттық қауіпсіздік»
5-8 класс	қыркүйек-қазан	«Отбасылық дәстүрлер»(8)
	қараша-желтоқсан	«Желілік этикет»
	наурыз-сәуір	"Достық Интернет: Интернет-ғалам" бойынша қауіпсіз саяхат ережелері туралы
9-11 класс	қыркүйек-қазан	«Ғаламтор қауіпі»(9) «Кибербуллингтің зардаптары»(10,11)
	қаңтар-ақпан	«Желілік этикет»
	сәуір-мамыр	"Ғаламтордағы жалған ақпараттан сақтан!"

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:** «ҒАЛАМТОР ҚАУІПСІЗДІГІ» жобасы Интернет —бұл мүмкіндіктер қоймасы ғана емес, қорқыныш көзі екенін біз түсінеміз. Бүгінгі күнде Интернет желісін пайдаланушылар ондаған миллион адам құрайды және оның басым бөлігі әлем торының қауібі туралы біле бермейтіні -балалар. Балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ  
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ  
БӨЛІМІ» ММ «№36 ҚАЗАҚ ОРТА  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
ГОРОД АКТӨБЕ КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №36»  
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА АКТӨБЕ»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«22» 09 2023 жылғы

«22» 09 2023 года

№356а

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының»  
жобаларының жұмысын  
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарды орындау мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 - 2024 оқу жылында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасына жауапты тарих пәні мұғалімдері бекітілсін.
2. 2023 - 2024 оқу жылында «Еңбегі адал –жас өрен» жобасына жауапты 3-4 сынып жетекшілері бекітілсін.
3. 2023 - 2024 оқу жылында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасына жауапты дене шынықтыру пәні мұғалімдері бекітілсін.
4. 2023 - 2024 оқу жылында «Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасына жауапты кітапханашы Г.Айтжанова бекітілсін.
- 5.«Балалар және театр» жобасының жетекшісіне Ш.Әбдібаева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі бекітілсін.
6. «Ұшқыр –ой алаңы» жобасының жетекшісіне Б.Әмірханқызы тарих пәнінің мұғалімі бекітілсін.
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасының жетекшісіне информатика пәнінің мұғалімдері бекітілсін.
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер» және «9 ай - 9 іс –шара» жобаларын әр пән мұғалімдері бекітілсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

**Мектеп директоры**



**Б.У.Сарин**

«№36 қазақ орта мектебі» КММ

# СЫНЫП САҒАТЫ

**Тақырыбы:** « Ғаламтордың пайдасы мен зияны »

«Ғаламтор қауіпсіздігі » жобасы

**Өткізгендер :** 2 – сыныптар

2023-2024 оқу жылы

**Сабақтың тақырыбы:** Ғаламтордың пайдасы мен зияны

**Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:** « Ғаламтор қауіпсіздігі»

**Сабақтың мақсаты:** 1.Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілетуге баулу ;  
2.Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы толық мәлімет беру, тақырыптың негізгі идеясын ашу, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

3. Оқушыларды ғаламтор қауіпсіздігінен қорғануға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** сынып сағаты

**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, мақал - мәтел, жұмбақтар,сұрақ-жауап

**Көрнекілігі:** Суреттер, нақыл сөздері, слайд

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі**

**Жаңа сабақ**

Саламатсыздар ма ?

Бүгінгі сынып сағатымыздың тақырыбы « Ғаламтордың пайдасы мен зияны » деп аталады

Жайғасып отырсаңыздар, енді сынып сағатымызды әрі қарай жалғастырайық.Оқушылар тақтаға наза ауадарыңыздар «ғаламтор» сөзін естігенде қандай сөздер ойларыңызға келеді? Тақтаға шығып бір-бірден жазып шыға қойыңыздар.

Осы ғаламтордың шығу тарихын білесіңдер ме?

-Білмесек, онда мұқият тыңдап ұғып алайық, оқушылар.

Ғаламтор (ағылш. World Wide Web, WWW) — компьютердегі мәліметтер мен құжаттарды, мультимедиа элементі бар гипермәтінді жүйелерді байланыстыратын ғаламдық тор. Оның өзі шығу тарихы да қызық. « 1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады » деп есептеген.

Ондай жүйені АҚШ - тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір - бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады. Содан соң ARPANET дамып - жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Ғаламтор» деген ұғыммен алмастырылды». Қазіргі кезде Ғаламтормен тек қана компьютерлік желілер арқылы емес, сонымен қатар, байланыс спутниктері, радиосигналдар, кабельдік теледидар, телефон, ұялы байланыс, арнайы оптикалық - талшықтық желілер және электр желілері арқылы да байланысуға болады. Бұл күнде Ғаламтор тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1, 5 млрд. адамнан асты.

**Ғаламтордың пайдасы:**

-Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету. (материалдарды және моральді жағынан болсын) Яғни мүгедек адамдарға немесе отбасы ахуалы нашар адамдарға, жетімдер үйіне, денсаулығы нашар науқастарға қаржылай қол ұшын беру;

-Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу;

-Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру;

-Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру;

## **Ғаламтордың зияны:**

Қазір ғаламтор желісін пайдаланбайтын бала кемде-кем шығар. Әсіресе жаз мезгілінде, демалыс уақытында балалардың дені ғаламдық торды жан серігіне айналдырып алатыны шындық. Одан балаларды қорғау жолын да дұрыс қарастырмайды.

Ал ғаламтордан қорғалмаған бала түрлі психологиялық ауруларға душар болуда.

Бұрын жаз мезгілі бола қалса балалардың барлығы азаннан қара кешке дейін үй көрмей далада ойнап жүруші еді.

Ғаламтордан түрлі ойындар ойнап, түрлі әуен тыңдап, бейнежазба көруге құмартып алған олар тіпті компьютердің жанынан шықпайтын болды. Бүлдіршіндерді компьютерсіз көзге елестету де қиын болып бара жатқан сияқты.

Күндіз үй көрмей, түнде ұйқы көрмей жұмыс істейтін ата-аналар үшін де компьютер балаларын алдарқайтын жақсы құралға айналды. Конференцияға қатысқан мамандардың сөзіне қарағанда, осы ғаламтор желісінің балалардың психологиясына қаншалықты зиянын тигізіп жатқанын көп ата-ана біле бермейді. Білсе де, одан балаларын қорғаудың жолдарын меңгермеген. Ал мұның салдары балалардың өскенде маскүнем, зинақор, жауыз болып өсуіне әкеліп соғады.

Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі, бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері шаршайды.

Компьютер алдында көп отыру жас балдырғанның омыртқа сүйегін зақымдайды.

Қозғалыссыз отыру, қолмен ғана бірыңғай жұмыс істеу, содан ағзаға салмақ түсуі баланың жүйке қызметін бұзып, мойнына тұз бен суықтың жиналуына (остеохондроз) әсер етеді.

Ми қызметіне де кері әсер етеді, ойлау қабілетінің төмендейді, көңіл бөлу мен есте сақтаудың кемиді, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл күйдің құлазуы жиі байқалады. Әр түрлі құмар ойындары, зиянды бағдарламалардың көптігі. Алаяқтар мен хакерлер жастарды ғаламторға тәуелді етіп, бұлыңғыр қарым-қатынас, жыныстық байланыс жасауға шақырып, виртуальды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған ұл-қыздарымызды еліктіріп, есінен айырады.

### **Постер қорғау**

I топ. Ғаламтордың пайдасы.

II топ. Ғаламтордың зияны.

Жарайсындар, ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы көп мәлімет жинақтадыңдар деп ойлаймын. Енді сіздерге сұрақ:

1. Өзің компьютерге тәуелді болғаныңды байқай аласың ба?
2. Қандай белгілер арқылы байқар едің?

Компьютерге тәуелді болу белгілері:

1. Тамақты, шайды компьютер алдында ішесің.
2. Сабақты компьютердің алдында орындайсың.
3. Компьютердің алдында түнімен отырасың.
4. Сабаққа бармай компьютермен ойнағың кеп тұрады.
5. Үйге келген бойдан компьютердің алдына отырасың.
6. Бір сәтке компьютерің бұзылып қалса көңілің түсіп, не іспен айналысарыңды білмей ашуланасың.
7. Компьютермен жұмыс істеуге тиым салған адамға қарсы шығып, ренжіп ашуланасың. Міне осындай белгілерді өз бойларыңнан байқасаңдар өзіңнің компьютерге тәуелді болғаныңды байқауға болады?

Топпен жұмыс

I топ. “Интернет” сөзіне бес жолды өлең.

II топ. “Компьютер” сөзіне бес жолды өлең.

Қорытындылау.

Бүгінгі сынып сабағымыздан көп мәлімет алдыңыздар деп ойлаймын. Күнделікті тұрмыста ғаламторды дұрыс мақсатта қолдана білейік. Денсаулығымызға зиян келмейтіндей ақыл кеңестерді тиімді пайдала біліңдер.

Рефлексия

«Алақан». – Мына алақанның әрбір саусағына өздеріңіздің бүгінге тәрбие сағатында көңіл күйлеріңізді, алған әсерлеріңізді жазыңыздар.

Сау болыңыздар !

**№36 қазақ орта мектебі**

**Кибербуллингтің зардаптары**  
**(«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)**  
**11 «Ә» сынып**

**Орындаған: Казбаганбетова Лаура Ураевна**

**2023-2024 оқу жылы**

**Тақырыбы:** «Кибербуллингтің зардаптары»

**Мерзімі:** 13.10.2023ж

**Мақсаты:**

Оқушыларға буллинг және кибербуллинг не екенін түсіндіру. Оқушылардың бір-біріне деген жанашырлықтарын арттыру. Оқушыларды бір-бірін сыйлауға, құрметтей білуге, артық сөз айтпауға тәрбиелеу.

**Қатысқандар:** 10-11 сынып оқушылары

**Қолданылған ресурс:** информатика оқулығы 10-11 сынып, ғаламтор,  
<https://www.youtube.com/watch?v=Am9IaA7A6mI>  
<https://uyatemes.kz/k/kiberbulling>

Барысы: 1. Ұйымдастыру бөлімі

2. Кіріспе сөз

**Буллинг «Bullying»** сөзі ағылшын тілінен аударғанда "қорқыту", "кемсіту", "мұқату" дегенді білдіреді. **Буллинг** – бұл қорлау, бір адамға екінші немесе бір топ адамдар тарапынан агрессивті түрде қысым көрсету.

**Кибербуллинг** – адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау.

Егер де:

- саған зұлым, ренішті хабарламалар, смс немесе электронды хаттар (email) жазса
- сені қорлайтын бейнероликтер, суреттер, өсек немесе жалған сөздер таратса
- әлеуметтік желілерде сенің атыңнан жалған аккаунттар құрып, онда ерсі фотосуреттерді орналастырса
- сені ренжіту үшін әлеуметтік желілерде достар тобынан әдейі шығарып тастаса
- саған әдепсіз сөздер жазылған немесе қоқан-лоқы түрдегі хабарламалар жіберсе
- жеке басыңа қатысты ақпаратты басқаларға жайса
- сені ренжіту не қорлау мақсатында жеке фотосуреттеріңді басқаларға рұқсатсыз жіберсе, онда сен кибербуллинге тап болдың.

Кез келген адамның кибербуллинге ұшырауы мүмкін екені есінде болсын. Егер де сенімен бұндай жағдай орын алып жатса, ол сенің кінәң емес. Дегенмен саған онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет және көмек сұраудан қорықпа, бұл – әлсіздік емес.

### **Неліктен адамдар бұлай істейді?**

- Адамдар неліктен басқа біреуді ренжіткісі келетінін айту қиын. Кейде өзіміз қаламасақ та, біреудің көңіліне келетін қылық жасап, сөздер айтып жатамыз.
- Телефон арқылы немесе интернетте адамды әдейі ренжіту, қорлау, оған жабысу оңай болып көрінеді. Ренішті хабарлама жіберу сондай оңай ғой! Бұны істеген адам басқаның жанын ауыртқанын сезбейді де.
- Егер де сен интернет технологияларды біреуді әдейі ренжіту, қорлау немесе ызасын келтіру үшін пайдалансаң, онда бұл – кибербуллинг. Тіпті, сен біреу туралы ренішті постқа лайк бассаң да, немесе ренішті постты жіберсең, бұл да – кибербуллинг. Буллинге ұшыраған адам басқалардың оған қарсы біріккенін сезінеді.
- Буллинг шындап адамға зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей кездері буллингтің кесірінен адамдар өзін-өзі өлтіру жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Сондықтан буллинг қашанда жақсы емес, бірақ әр уақытта көмек сұрауға болады

### **Егер сен кибербуллинге тап болсаң, не істеу керек?**

Кибербуллинге тап болған жағдайда сен қорқып, абыржып қалуың мүмкін. Ондай кезде мынадай әрекеттер жаса:



«№36 қазақ орта мектебі» КММ

# **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы**

**10 сынып**

**2023-2024 оқу жылы**

**Тақырыбы:** «Кибербуллингтің зардаптары» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)

**Күні:** 14.09.2023

**Мақсаты:** «Буллинг» сөзінің мағынасын ашып таныту арқылы жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

**Барысы:**

**Кіріспе** Мұғалім: (бейнероликтен кейінгі жетелеуші сұрақтар) Бұл бейнеролик не туралы?  
[https://www.youtube.com/watch?v=RCA\\_wFW-](https://www.youtube.com/watch?v=RCA_wFW-) (Видео көресету.) Видеодан кейінгі сұрақтар:

**Оқушылар, буллинг және кибербуллинг деген не?**

**Кім біледі?**

Кибербуллинг – адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау.

**Буллинг (bullying)** – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді.

Адамүйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ

- Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?
- Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?
- Егер сен өзің біреуді қорлап жүрген болсаң ше?
- Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді, жауаптарына дәлел келтіреді, талқылайды.

- Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу
- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру сол жайында өсек тарату
- оны елемеу немесе жекелету
- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою
- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту.

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

#### • **Расисттік буллинг**

Біреудің нәсіліне, түсіне, нанымына байланысты басқаша көзқарас туындау. Сондай-ақ адамның нәсіліне қарай жағымсыз сөздер айту жатады.

#### • **Таптық буллинг**

Адамдар біреудің белгілі бір әлеуметтік тапқа жататындығын анықтағаннан кейін, сол адамға жаман көзбен қарау. Мысалы, біреулер «ауылдан келген» деп адамды жекелету.

#### • **Адамның сырт келбетіне қатысты буллинг**

Біреуді көпшілікке ұқсамағандығы үшін кемсіту, мысалы адамның шашы жирен болуы немесе қысқа бойлы болуы, я болмаса көзілдірік киіп жүруі үшін.

#### • **Дінге қатысты буллинг**

Біреуді дініне немесе нанымына байланысты қорлау немесе әдепсіздік таныту. Мысалы, киелі кітапты оқу, мешітке бару сияқты діни дәстүрлерді мазақ ету.

#### • **Мүгедектерге қатысты буллинг**

Адамды мүгедек болуына байланысты қорлау және оған тіл тигізу. Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін.

Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда:

- уайымдау
- ұйқының бұзылуы
- тәбеттің болмауы
- өзі жайлы жаман ойлау
- өз-өзіне физикалық зақым келтіру
- өлім туралы ойлау
- сабақ үлгерімдерінің нашарлауы

- әлеуметтік желіде сол адамды бұғатта
- әлеуметтік желінің әкімшісіне сен туралы айтылған постқа шағым келтір (әдетте ол үшін «report» батырмасын басу жеткілікті)
- ондай хабарламалар/посттарға жауап берме, әйтпесе жағдай ұшығуы мүмкін
- осы хабарламаларды/посттарды дәлел ретінде сақтап қой, яғни скриншот жаса
- бұл жағдайда сені қолдап, не істеу керектігі жөнінде ақыл-кеңес бере алатын ересектерге – ата-анаңа, қамқоршыңа, мұғаліміңе айт
- 111 жедел желісіне қоңырау шал немесе біздің [форумда](#) өз уайымыңмен бөліс
- біраз уақытқа интернеттен шығып, өзіңе ұнайтын нәрселермен айналыс (велосипед теп, қыдыр, киноға бар)

### **Егер басқа біреу кибербуллингке ұшыраса ше?**

Біреуді онлайн қорлаған жағдайға куә болсаң, бұны тоқтатуға көмектес. Ондайда жасауға болатын әрекеттер:

осы ренішті суреттерді, фотосуреттерді, хабарламаларды, посттарды біреуге жіберіп, ары қарай таратпа

- қорлауды қолдама және оған қатыспа
- ол топтан/чаттан шығып кет
- сол адамға жәбірлеушіні бұғаттауда көмектес және әкімшіге постқа шағымдан
- сол адамға қолдау көрсет: жылы сөз айтып, көмегіңді ұсын
- өзіңе қауіпті болмаса, жәбірлеушіге қорлауын тоқтатуын айт

### **Мен өзім басқа біреуді онлайн қорласам ше?**

- **Не істеп жүргенің жайлы ойлан**

Сен туралы біреу ренішті сөздер жазса, сенің қандай күйде болатының жайлы ойландың ба? Алғашқы қадам – ол сенің буллингке жол бергеніңді мойындау. Бәріміз де кейде қателесіп жатамыз, дегенмен бұл сенің жаман адам екеніңді білдірмейді.

### **Біреумен ақылдас**

Өзің сенетін ересек адаммен – анаңмен, әкеңмен, қамқоршыңмен, мұғаліміңмен сол жайында бөліс. Олар саған қандай әрекет жасауға болатыны жайлы кеңес бере алады.

### **Жазған/жариялаған нәрсені жой**

Барлық ренішті, қорлаушы посттарды, твиттерді және сын сөздерді жойып таста.

### **Басқаларды тоқтауға көндір**

Буллингке қатысы бар басқа адамдармен сөйлес, одан бас тартуға көндір. Бір адам көп нәрсені өзгерте алады.

### **Кешірім сұра**

Ренжіткен адамнан кешірім сұра, көмек ұсын. Бұл ол адам үшін өте маңызды болуы мүмкін.

### **Бұдан өзің үшін сабақ ал**

Кейде біз ойланбастан бір әрекетке барамыз. Болашақта ондай жағдай қайталанбас үшін біз болған оқиғадан сабақ алуымыз керек.

- ауыру
- «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау
- өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану
- қорқу

Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?

• **Батыл болуға үйрен.** Батыл болу деген агрессия танытпай, өзінді қорғай білу. Сен өз ойыңды дөрекі және ызалы сөздерсіз білдіруге үйрене аласың.

Кейде біреумен келіспеген жағдайда өзінді шын мәнінде қалай сезінетінінді жеткізу қиын. Дегенмен сен батылдыққа үйрене аласың. Ол үшін айтқың келетін сөздерді қағазға жазып, ал уақыты келгенде айтып қал. Кезі жеткенде сенің батылдығыңның арқасында барлық қорлық пен қорқытулар тоқтайды.

• **Құрбыңмен/досыңмен бөліс.** Достарың сені оларға барлық оқиғаны ашып айтпасаң да, саған қолдау көрсете алады. Олар сені қолдап, көңіліңді көтере алады. Сонымен қатар, достарың жәбірлеушілер енді мазаңды алмас үшін оларға қалай жауап беру керектігін айта алады.

• **Ересек адамдармен бөліс.** Сен өз оқиғаңмен ата-анаңмен, өзіңнің қамқоршыңмен немесе сенімді ересек адамның біреуімен бөлісуіңе болады. Олар сені қолдап, мәселені шешуде ақыл-кеңес бере алады. Сондай-ақ, 111 сенім телефонына қоңырау шалуыңа болады. Онда саған көмек пен қолдау көрсетіледі.

• **Мұғаліммен бөліс.** Мектебіндегі мұғалімдер саған бас-көз болуға міндетті. Сен мектепте болған кезінде өзінді қауіпсіздікте сезінуге толықтай құқығың бар. Мүмкін, сенің мектебінде буллингке қарсы тұруға қатысты кейбір нұсқаулар бар шығар. Сонымен қатар, сен мектеп психологына да жүгіне аласың.

**Буллингті қалай тануға болады және онымен күресу тәсілдері қандай?**

Қорлану кезіндегі жәбірленушіден мынадай белгілерді байқауға болады: киімнің жырттылуы, зақымдануы, денедегі жарақаттар (дененің көгеруі), қымбат заттарының “жоғалуы”, тәбеттің төмендеуі, қорқынышты түстер, серуендеу кезіндегі мазасыздық, сыныптастарымен қарым-қатынасқа түсуден бас тарту, т.с.с. Буллинг құрбанына көмектесу үшін оны кінәламай, қолдау көрсетіп, демеу болу қажет. Жәбірленушіге оның жалғыз емес екендігін барынша көрсеткен дұрыс. Оны мазақ етіп, айтқан сөздерін елемеге мүлдем болмайды. Сондай-ақ, жәбірленушіден көрген қорлығы мен тәжірибесі жайлы қайта-қайта сұрай беруге тыйым салынады. Жәбірленушіге агрессорлар өздерінің алдында өз құндылықтарын біреуді қорлау арқылы ғана арттыра алатындығын, сол себепті жазықсызға шүйлігетіндігі жайлы түсіндіру керек. Жәбірленушінің өзін мықты тұлға ретінде көрсетіп, күш қолдана алуы буллингті тоқтатуы мүмкін. Бірақ, өкінішке орай, көп жағдайда жәбірленуші бұндай әрекеттерге дайын емес, сондықтан көмекке мұқтаж болып келеді. Егер сізде сіздің жақыныңыз буллингтің құрбаны болуы мүмкін деген күдік пайда болса, дереу онымен осы жайтты талқылаңыз және әңгіме желісіне байланысты әрекет етіңіз. Мәселенің барлық маңыздылығын ескере отырып, жәбірленушінің сізге сенуге деген дайындығын байқаңыз. Жәбірленушіге көмектесу үшін мектеп әкімшілігіне хабарласыңыз, болған жайтты талқылау үшін агрессор мен ата-анасын шақыртыңыз. Осылайша сіз өз жақыныңызды қорғау үшін бәріне баратыныңызды көрсетіңіз. Егер бұл көмектеспесе, баспасөз бен құқық қорғау органдарына жүгінуіңізге болады. Сақтықта қорлық жоқ екенін естен шығармаңыз, жақындарыңызға жанашыр болыңыз! Әркім осындай жағдайға душар болмауы керек!

**Жоба тақырыбы:** Ғаламтор қауіпсіздігі

**Жобаның мақсаты:**

а) Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау;

ә) Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру;

б) Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу;

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру/

**Сабақтың көрнекілігі:** тақырыпқа байланысты дидактикалық материалдар, мультимедиа.

**Сабақтың түрі:** түсіндіру /пікірталас/

**Сабақтың барысы:**

**Қызығушылықты ояту.**

— ғаламтор пайдаланып көрдіңіз бе?

— ғаламтор балалар үшін қауіпсіз дегенге келісесіз бе?

Оқушылар, бүгінгі сабағымыз тақырыбы қандай болмақ?

**III. Мағынаны тану.**

Интернет бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір – бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі. Интернет ұғымы ХХ ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол – бүкілғаламдық желі – Интернет деп санар едім.

Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ – тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады. Содан соң ARPANET дамып – жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды». Бұл күнде Интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1, 5 млрд адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз.

**Топтық жұмыс. Постер қорғау.**

**I –ші топ ғаламтордың пайдасы туралы айтады.**

«Интернет керек, ол біздің өмірімізге қажет. Интернеттің пайдасы зор. Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық – коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасак та болады.

Интернет мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ, әрине алға баспаймыз. Керісінше біртіндеп құлдырай береміз. Оданда ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. интернетке кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса денсаулыққа зиян тимейді. Көзге жаттығулар жасалады, әр 20 – 25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60 – 70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады. Осы айтылған ережелер орындалса денсаулығымызды сақтай аламыз. Интернеттің пайдасы көп. Интернет арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба, солардың бәрін мен интернет арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор

Интернет – тиімді байланыс құралы. Көптеген мәліметтер жинақталған. Балама ақпарат көзін табуға болады. Электронды пошта қызметі жылдам хабарласуға мүмкіндік береді.. Біздің өміріміз күнде бір жаңалықпен толығып отырады. Интернетті сол жаңалықтың ішіндегі ең озығы деуге де болар. Себебі, бір өзіне соншама ақпарды сиғызып, жан – жаққа лезде таратып тұру, әлемнің бір шетіндегі кісіні екіншісімен байланыстыру, керек болса, көзбе – көз әңгімелестіріп, бейнесін көрсету қандай жетістік десеңізші.

Интернеттің жеке – дара қожайыны жоқ. Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. Интернетте көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады

1. Алысты жақындату
2. Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру.
3. Сана – сезімді жоғарылату.
4. Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру.
5. Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру.
6. Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу.
7. Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу.
8. Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету.
9. Интернет арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;
10. Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруға;
  - Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
  - Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;
  - Қызмет түрлерін ұсынуға, тауар сатып алуға не сатуға;
  - Қаржылық операциялар жасауға;
  - «Mail. Ru Агент», «Facebook», «Skype» т. б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейнебайланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп – біле бермейтін жаңа көкжиектерін айтып тауысу мүмкін емес

### **II–ші топ ғаламтордың зияны туралы айтады.**

Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Интернетке қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіздер ме? Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл – қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.

Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу – баланың айналасындағы адамдармен бетпе – бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра – күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы – ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы. Енді компьютерлік ойындарға келсек, олардың қаншалықты зиянды екенін айта кетейік. Интернеттегі онлайн ойындары атыс – шабыс, тағы басқа қантөгу, жауыздық тақырыбында болады. Осы ойындарды бала ойнап, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздерімізде білесіздер. Ұдайы ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс – тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратын болады. Қалалы жерде ақша табу үшін компьютерлік ойындарды жарнамалап, оқушы балаларды өздеріне тарта бастап, жаман қылықтарға бағыттайды. Интернет ойындарынан басқа да өзіміздің ұлттық ойындарымыз бар, соны неге ойнамасқа? Асық ойнау, күрес, қол күресі, волейбол, футбол сияқты көп ойындар бар. Біз бөлмеде тығылып компьютерлік ойынды ойнағанша, далада таза ауа жұтып, көпшілікпен көңіл көтеріп, денемізді шынықтырып, сау болғанымызға не жетсін.

Күн сайын теледидар қарап отырып не бір түрлі келеңсіз жағдайларға кезігесің. Отбасымен ажырасу, жаман әрекеттерге бару. Қорлық – зомбылық, зорлық бұның бәрі қайдан шықты дейсіз? Әрине қазір заман ауқымы, талабы әр үйде компьютер, интернет желісі бар. Жаңағы өздерің

айтқандай компьютерге қол жеткізбесе де ұялы телефон арқылы интернетке де шығуға болады дейсіңдер. Міне, сол арқылы не бір ұятсыз көріністер көреді, интернет арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үңілумен өткізеді. Ол неге үңіле береді десең, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс – шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көз – қарасы психологиясы өзгереді. Ұрлық – зорлық көбейеді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалмай ма? Әр нәрсе өз нормасынан асқан соң, жаманға айналады.

**« Алтын қағида » ережесі**

қауіпсіз ережелерді ескеруді,

- әр 20 – 25 мин. Көзге жаттығу жасауды;

- көзбен компьютердің арасы 60 – 70 см болуын;
- Компьютер алдына кактус гүлін қоюды;
- Ғаламторға тәуелді болмауды;
- Жат киноларға көңіл бөлмеуді

«Сақтансаң сақтайды, сақтанбасаң сені құдай не қылады», демекші Шәкәрім атамның мына сөзіне тоқтала кетуді жөн көрдім:

Сақтық – деген әрқашан байқап жүрмек,

Пайда не залал ма ескерілмек,

Көргенің естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Сондықтан интернетті меңгеруіміз керек деп, танертеннен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны баршылық екеніне көзіміз жетті. Әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтанайық демекпін.

Көтеріліп отырған мәселе әлемдік деңгейде қаралып отыр. Жаста болсақ, біз осы мәселеге үлесімізді қосып, жұмыс жасадық.

Жер халқының келешегі жас буын, яғни сіздер! Сіздердің мәселе лерің шешілмесе келешектен қандай үміт күтеміз! Асыл тастан, өнер жастан – демекші, –қазіргі техника қарқынды дамыған заманда, дені сау білімді, интернеттен мағұлматын жинап, Қазақстанға өз үлесін қосатын сауаты мол ұрпақ керек! Сондықтан интернет кімге де болса өте қажет, оның пайдасы өте зор, әрі қауіпсіз.!

**Қорытынды:** екі жұлдыз, бір ұсыныс.